

**2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының әрбір түрлері бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтініштерді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 тамыздағы № 222 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 тамызда N 3868 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 03 қазандағы № 253 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің 03.10.2016 № 253 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрінің міндетін атқарушысының "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2015 жылы 20 мамырда № 11094 тіркелді) басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау Қағидасының 10 тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2016 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да

тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарына субсидиялар алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерін тізімге енгізуге өтініш беру мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары Ж.Т.Еслямовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 26 тамызынан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданының әкімі*

*Е. Бекшенов*

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют  
ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22  
тамыздағы № 222 қаулысына қосымша

## **Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі**

№	Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімдерді қабылдау мерзімі
1	Жаздық бидай	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
2	Күздік бидай	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
3	Күздік қара бидай	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
4	Арпа	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
5	Сұлы	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
6	Қаракұмық	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
7	Тары	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
8	Дәнді –бұршақты дақылдар	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
9	Майлы дақылдар	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін

10	Картоп	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
11	өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсірген картоп	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
12	Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
13	өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
14	Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
15	Жем шөптік дақылдар:	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
16	Бірінші, екінші және үшінші жылы өсіп жатқан көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
17	Бірінші жыл егілген басқа да көп жылдық шөптер	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
18	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
19	Бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың қоспасы:	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
20	Сұлы мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа *	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
21	Судан шөбі; тары; итқонақ; сұлы мен сиыржоңышқа **	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
22	Сұлы, арпа, бұршақ және бидай; сұлы мен бұршақ; тары мен бұршақ ***	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін
23	Бұршақ пен сұлы; сұлы, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа; рапс пен сұлы ****	2016 жылдың 26 тамызынан 10 қыркүйегіне дейін

\* көк азыққа \*\* пішінге \*\*\* пішендемеге \*\*\*\* жасыл конвейерге